

Риддер қалалық мәслихатының 2018 жылғы 25 қазандағы № 25/8-VI "Риддер қаласының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік ұйымдардың мамандарына әлеуметтік қолдау көрсету туралы" шешімінің қолданысын тоқтату туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Риддер қалалық мәслихатының 2020 жылғы 4 маусымдағы № 43/4-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 17 маусымда № 7196 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Риддер қалалық мәслихатының 2020 жылғы 20 қазандағы № 48/3-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Риддер қалалық мәслихатының 20.10.2020 № 48/3-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 01.10.2020 бастап туындаған қатынастарға қолданылады).

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 06 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, Риддер қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2020 жылғы 1 қазанға дейін Риддер қалалық мәслихатының 2018 жылғы 25 қазандағы № 25/8-VI "Риддер қаласының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік ұйымдардың мамандарына әлеуметтік қолдау көрсету туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5-4-181 тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде 2018 жылғы 04 желтоқсанда электронды түрде жарияланған) шешімінің қолданысы тоқтатылсын.

2. Осы шешім қабылданған күннен бастап қолданысқа енеді.

Сессияның төрағасы

Қалалық мәслихат хатшысы

Г. Китаппаева

И. Панченко